

БЕКІТЕМІН:
«Лисаков техникалық колледжі» КМҚК
директорының м.а.
_____ А. Щетина
_____ 20__ ж.

**Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын
іске асыратын «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК
2023-2024 оқу жылына оқуға қабылдау қағидалары**

1. Жалпы қағидалар.

1. Осы қағидалар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» негізінде техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

3. Оқуға қабылдау кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген және «Білім туралы» ҚР Заңының 26 бабы 8-тармағымен анықталған қабылдау квотасы көзделеді:

3.1. Ауыл (село) жастары арасындағы азаматтар үшін ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуына қынайтын мамандықтар тізбесі:

3.2. I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін-1,0 пайыз;

3.3. жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін- 0,5 пайыз;

3.4 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін-2 пайыз;

3.5. Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін -1 пайыз.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысаны осы қағидалардың 10, 12 тармақтарында белгіленген.

2. Оқуға қабылдау тәртібі.

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу.

5. Оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау, ұйымдастыру, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайды.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

6. Білім беру ұйымдары қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері Білім басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

7. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы ақпаратпен оқудың күндізгі нысаны бойынша 30 тамызға дейін, сырттай және кешкі оқу нысаны бойынша 30 қыркүйекке дейін

- 0513012 Азық-түлік тауарларының сатушысы;
- 1114042 Электр газымен дәнекерлеуші;
- 1401042 Сылақшы – 30 пайыз;

ақпараттық стендіге немесе колледж сайтына жариялау арқылы қабылдау комиссиялары таныстырады.

8. Оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;

2) бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

9. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын - босқынның куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға - пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман - оралман куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер тіркеу журналдарына оқыту нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

10. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және:

- 1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;
- 2) негізгі жалпы білімі бар оқуға түсушілер - негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 2 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);
- 3) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;
- 4) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған қабылдау емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі:

- 0706012 Экскаватор машинисі;

Түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

11. Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндері.

Келесі мамандықтарға түсу кезінде математика бейіндік пән болып табылады:

- 0709000 Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту);

- 1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша);

- 0707000 Тау - кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу

- 0519000 Экономика (салалар бойынша);

Келесі мамандықтарға түсу кезінде химия бейіндік пән болып табылады:

- 0709000 Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту).

12. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін оқытудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз- 28 тамыз аралығында, оқытудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыз - 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары оқудың күндізгі нысанына түсетін азаматтар үшін әңгімелесу 1 тамыз - 28 тамыз аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленеді; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді; тестілеу нәтижелері өткізілген күні хабарланады.

13. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

14. Пәндер бойынша тестілеуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау.

15. Білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының балдары негізінде; Қазақстан Республикасының ЖОО түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдары негізінде; білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған балдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш (екі) пәннің осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес балдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 16 балдан кем;

2) жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 24 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік береді және техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеруге неғұрлым қабілетті және даярлығы бар азаматтардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқытудың күндізгі нысанына - 25 тамыз -30 тамыз аралығында;

2) оқытудың сырттай нысанына - 15 қыркүйек - 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесулер нәтижелері ескеріле отырып, іріктеу негізінде 22 тамыз -30 тамыз аралығында өткізіледі.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрларды даярлауды көздейтін, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалар бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ауыл (село) жастары арасындағы азаматтар үшін ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалдайтын мамандықтарға, белгіленген квотаға сәйкес, Лисаков қаласының азаматтарынан бөлек өткізіледі.

Осы мамандық бойынша конкурсты өткізгенде алған балдары бірдей болған жағдайда жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер және үздік білімі туралы құжаттары бар азаматтар басым құқыққа ие болады.

16. Білім беру ұйымдарына қабылдау кәсіптер, мамандықтар бойынша бөлек қабылдау комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі.

Лисаков қ.
ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

2023 ж.